

Ресей Федерациясындағы Қазан (Татарстан Республикасы) қаласында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігінің бөлімшесін ашу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1455 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.02.2023 № 149 қаулысымен.

2007 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі белгіленген тәртіппен Ресей Федерациясындағы Қазан (Татарстан Республикасы) қаласында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігінің бөлімшесін ашсын және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов